

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «УГ-157/11» мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2283 Қаулысы

Бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдердің жазаларын өтеу жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «УГ-157/11 мекемесі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) - бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдердің жазаларын өтеуге арналған түзеу к о л о н и я с ы қ ұ р ы л с ы н .

2. Мекемені ұстау шығыстарын қаржыландыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

4. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Мемлекеттік мекемелер» деген 2-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 104-ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«104. «УГ-157/11 мекемесі».

5. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*